



Автор: Палашова Алия

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Дені саудың - жаны сау

Тақырып: Сиқырлы дәрі жасаймын. Жұрнақ пен жалғау

Сабаққа негізделген оқу мақсаттары:	2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру 2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату 2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау 2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты өзара сұхбаттасу Барлық оқушылар: жұрнақ пен жалғауды ажыратады Оқушылардың басым бөлігі: тыңдаған материал бойынша анықтаманы болжап, тұжырымдайды Кейбір оқушылар: жер, күн, ауа, судың адам денсаулығына әсері туралы өзінің пікірін дәлелдейді
Тілдік мақсат:	Негізгі сөздер мен сөз тіркестері: Денсаулық, күн тәртібі, сиқырлы дәрі Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: Талқылауға арналған сұрақтар: -Жұмбақшал не деп жауап берді деп ойлайсыңдар? Неліктен? -Жер, су, күн, ауаның адам денсаулығына қандай әсері бар деп ойлайсыңдар? -Қазір өздеріңнің су, жер, ауа, күн туралы айтқан пікірлеріңді, келтірген дәлелдеріңді «Сиқырлы дәрілер» деп атауға бола ма? Неліктен? -«Денсаулық» сөзінің мағынасын қалай түсінесіңдер? -Суретте ренжіген балалардың қайсысын қалай жұбатар едің?
Бастапқы білім:	Жұрнақ пен жалғау

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (3мин.)	I . Сиқырлы сөздер Балалар бір-біріне жылы/сиқырлы сөздер айтады. Ықтимал сөздер: Сен өте ақылдысың, сен мейірімдісің, сен бауырмалсың, сен адамгершілігі мол жансың, сен нағыз доссың, сенің әділдігің маған ұнайды т.б. II. Ширату 1.Дыбысты белгілейтін таңба 2. Санды белгілейтін таңба 3. Өткен күн 4. Тарихи кезең, заман 5. Патриот 6. Жердің ауа қабаты 7. Жердің серігі 8. Мимика 9. Нан пісіру үшін иленген ұн 10. Сөзге шебер, тілге жүйрік адам 11. Күйші сөзінің түбірі, қосымшасы 12. «Алыс» сөзіне мағынасы жуық сөздер III. Үй тапсырмасы 76-жаттығу. Спорт жарысы туралы жазылған хабарламада қай сөз көп қайталанды? Оны керекті сөздермен алмастырып, жаз. Оқушылар арасында спорт түрлерімен жарыс ұйымдастырылды. Біздің сыныптан Арнұр, Салтанаттар қатысты. Олар секіру, жүгіруден бірінші болды. Жарыс көңілді өтті. (көп қайталанған сөз «болды»)	
----------------------------------	---	--

ортасы: (25мин)	I. Тыңдалым Кәне балалар бүгінгі сабағымызды Қосымша атайдың немерелеріне көмектесуден бастайық. Қосымша атайдың Жұрнақ, Жалғау деген екі немересі болыпты. Олар бірге ағаш жарып, бірге су тасып, тату өмірсіріпті. Бір күні олардың үйіне атасының досы Түбір атай қонаққа келіпті. Балалар Түбір атайды өте жақсы көретін. Атасы немерелерін орманнанжидек теріп келуге жұмсапты. Бірақ олардың барғысы келмепті. Сондаатасы оларға кім бұрын жидек теріп келсе, сол Түбір атайдың қасындақалатынын айтты. - Балалар, Түбір атайдың қасында Жұрнақ қалды ма, әлде Жалғау қалды ма қалай ойлайсыңдар? Неліктен? II. Оқылым Оқулықпен жұмыс. 77-жаттығу. Мәтінді оқып, Жұмбақшалдың не дегенін болжап айт. а) Мәтінді оқиды ә) Жұмбақшалдың не дегенін болжап айтады б) Мәтін мазмұны бойынша бір-біріне сұрақтар қояды. III. «Топтық тергеу» топтық жұмыс. Тапсырмаларды таңдап алады. 1-топ. Жер 2-топ. Күн 3-топ. Ауа 4-топ. Судың адам денсаулығына әсері туралы талқылайды және қорғайды. Комментарий айтады. -Қазір өздеріңнің су, жер, ауа, күн туралы айтқан пікірлеріңді, келтірген дәлелдеріңді «Сиқырлы дәрілер» деп атауға бола ма? Неліктен? Түйінді сөз: Жер, су, күн, ауаның адам денсаулығы үшін маңызы зор. Адам спортпен шұғылданып, суға щомылып, күнге қыздырынып, пайдалы тағамдарды қолданып жүрсе денсаулығы мықты болады. IV. Жазылым Дәптермен жұмыс 78-жаттығу. Өлеңді қатесіз көшіріп жаз. 80-жаттығу. Сөздерді жұрнақ жалғау арқылы өзгертіп жаз. (интерактивті тақтада да орындалады) V. Шығармашылық жұмыс Суреттерді боя. Сөздерді тиісті үйшікке кіргіз V. Саралау тапсырмалары 1-тапсырма . Қай ара қай гүлге қонатынын меңзермен көрсет. Сөздердісөз құрамына талдайды; Image not found or type unknown Дескрипторлар -араларды тиісті гүлдермен сәйкестендіреді - бірінші сөздің түбірі мен жұрнақ/жалғауын анықтайды; - екінші сөздің түбірі мен жұрнақ/жалғауын анықтайды; -үшінші сөздің түбірі мен жұрнақ/жалғауын анықтайды; 2-тапсырма «Шындық па, жалған ба?» Бағалау критеріі -пікірлердің шындық/жалған екенін ажыратады; № Пікірлер Шындық/жалған 1 Қосымша жұрнақ, жалғау болып екіге бөлінеді 2 Жұрнақ сөз бен сөзді байланыстырады 3 Жалғау сөздің мағынасын өзгертеді Дескрипторлар -бірінші пікірдің шындық/жалған екенін жазады; -екінші пікірдің шындық/жалған екенін жазады; -үшінші пікірдің шындық/жалған екенін жазады;	
соңы: (3мин)	«Рефлексиялық шеңбер» Сабақ барысында көңіл-күйің қандай болды? Неліктен? Бүгін не білдің? Сен үшін не жаңалық болды? Сабаққа қатысуыңды қалай бағалайсың? Сабақта қандай қиындықтар туындады? Сабақ аяқталғанда көңіл-күйің қандай ? Неліктен	